



WARRANTY

Кепілдік

YEARS

2

ЖЫЛ

ЖЫЛЖЫМАЛЫ ТУРНИК



A-921L

ЖАТТЫҒУ ҚҰРЫЛҒЫСЫН ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ҚҰРАСТЫРУ НҰСҚАУЛЫҒЫ



TORNEOSPORT.COM

ОРНАТУ



1-әдіс

Есік ойығына қатты емес бекіту

1. Турникті қаптамадан шығарыңыз. Турниктің қозғалғыш элементтерін (2) орнату орнының еніне сәйкес келетін қажетті ұзындыққа дейін бұраңыз. Есік ойығындағы турникті өзіңізге қолайлы биіктікке дейін көтеріп, турникке тартылу кезінде турник корпусының негізгі бөлігі (1) өзіңізге қарай бұрылатындай етіп көлденең орналастырыңыз. Турник корпусының негізгі бөлігін (1) есік ойығына тірілгенше бұрау арқылы турникті бекітіңіз.

Маңызды! Турниктің артқы жағынан ұстап тартылмаңыз, өйткені есік ойығына бекітілген турник айналу арқылы босап кетіп, жарақатқа әкелуі мүмкін.

2. Бірнеше жаттығуды абайлап орындап көру арқылы турниктің мықтап бекітілгенін тексеріңіз.

Маңызды! Тартылу кезінде турниктің шеткі жақтары сырғымауы немесе турник «әрі-бері» қозғалмауы тиіс. Әйтпесе, 1-қадамды қайталаңыз немесе турникті 2-әдіс арқылы орнатыңыз.

2-әдіс

Ағаш есік ойығына немесе дәлізге арналған қатты бекіту

1. Бекітпе мен турникті қаптамадан шығарыңыз. Турниктің қозғалғыш элементтерін (2) қажетті ұзындыққа дейін бұраңыз. Есік ойығындағы немесе дәліздегі турникті өзіңізге қолайлы биіктікке дейін көтеріп, турникке тартылу кезінде турник корпусының негізгі бөлігі (1) өзіңізге қарай бұрылатындай етіп көлденең орналастырыңыз. Есік жақтауының босағасына немесе қабырғасына турниктің бүйірлік пластик тіреуіштері бекітілетін орынды қаламмен белгілеп алыңыз. Бекіту нүктелері бір-біріне дәл қарама-қарсы орналасып, турник тура тұрғанын тексеріңіз. Қажет болса, лазер деңгейін пайдаланыңыз. Шурупты тығыздамаға салыңыз және оны есік ойығының ағаш босағасындағы белгіленген жерлерге бұрауышпен бұраңыз (немесе қабырғаға бұрғымен тесік жасап, дюбельді орнатқаннан кейін). Егер турникті бөлек (ағаш емес) материалға бекіту қажет болса, қосымша құрастырушы маманмен кеңесіңіз.

2. Есік ойығындағы немесе қабырғадағы турникті өзіңізге қолайлы биіктікке дейін көтеріп, турникке тартылу кезінде турник корпусының негізгі бөлігі (1)

өзіңізге қарай бұрылатындай етіп көлденең орналастырыңыз. Қозғалғыш элементтерді (2) дөңгелек тығыздағыштардағы отырғызу тесіктеріне кіргізіп, қабырғаға тірілгенше бұрап шығарыңыз. Турник корпусының негізгі бөлігін (0) есік ойығына тірілгенше бұрау арқылы турник қалпын бекітіңіз.

Маңызды! Турниктің артқы жағынан ұстап тартылмаңыз, өйткені есік ойығына бекітілген турник айналу арқылы босап кетіп, жарақатқа әкелуі мүмкін.

3. Бірнеше жаттығуды абайлап орындап көру арқылы турниктің мықтап бекітілгенін тексеріңіз.

Маңызды! Тартылу кезінде турниктің шеткі жақтары сырғымауы немесе турник «әрі-бері» қозғалмауы тиіс. Егер олай болмаса, турник корпусының негізгі бөлігі (1) мен шуруптар дұрыстап бұралғанын тексеріңіз.

Ерекшеліктері:

- Бүкіл иық белдеуі, іш, қол және арқа бұлшықеттерін жаттықтыруға арналған.
- А-921L турнигінің ұзындығы: 80-нен 120 см-ге дейін, ұзартылған конструкцияның арқасында тек есік ойығына ғана емес, сонымен қатар ені 120 см-ге дейінгі дәлізге де қолдануға болады.
- Есік ойығына немесе дәліздің қабырғаларына арнайы бұрандалы бекіту.

Техникалық сипаттамалары:

Пайдаланушының максималды салмағы: 100 кг

Құрамы: болат, неопрон Салмағы: 1,9 кг

Кепілдік мерзімі: 2 жыл

Жиынтықтама:

Турник, 4 шуруп және 4 дөңгелек тығыздағыш жинағы.

Өндіруші тұтынушыларға алдын ала ескертусіз өнімдердің жиынтықтамасына, дизайнына, функционалдық мүмкіндіктеріне өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.